

*Көкшетау жоғары медициналық колледжі*

**«АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДАҒЫ СОҢҒЫ 5 ЖЫЛДА  
(2014-2018) ЖОЛ-КӨЛІКТІК ЖАРАҚАТТАНУ  
КӨРСЕТКІШІНЕ ТАЛДАУ ЖАСАУ»**

**Бағыты:** Арнайы және жалпы кәсіптік пәндер.

**Орындаған:** ПБС-11 топ  
студенттері:

*Арғынбаева Ақерке,  
Байгабулова Айсулу,  
Тулешова Жазира.*

**Жетекші:** *Ибраев У.Е.  
Абдил А.*

*Көкшетау 2019*

# Жоспар:

- 1 Кірісп
- е.  
2 Жол-көлік
- оқиғасы.  
3 ЖКО статистикалық
- көрсеткіштері.  
4 ЖКО алдын алу
- шаралары.  
5 Қорытынд
- ы.

**Зерттеу мақсаты:** Ақмола облысы бойынша 2014-2018 жж аралығында тұрғындардың жол-көлік оқиғалары салдарынан жарақаттану, өлім көрсеткіштерінің динамикасына талдау жасау.



# Зерттеу мәселесі

1

- Жол-көлік оқиғаларын алдын-алуда халықтың белсенсіздігі, мәселені мемлекет шешу қажет деп ойлау

2

- Жүргізушілер мен жаяу жүргіншілер жол ережесін сақтамауы

3

- Ауа-райы қолайсыз кезде жол-көлік оқиғаларының көп болуы

## Зерттеу объектісі:

Жол-көлік оқиғасынан зардап шеккен тұрғындар туралы статистикалық мәліметтер.

## Зерттеу пәні:



1. Осы тақырыптағы  
медициналық әдебиеттер мен  
басылымдар



2. Статистикалық  
мәліметтер



3. Сауаланама

## Зерттеу әдістері:



1. Медициналық әдебиеттер мен  
ақпарат көзінен алынған  
мәліметтерге талдау ақпараттық-  
аналитикалық әдіс



2. Статистикалық әдіс



3. Аналитикалық әдіс

# Тақырып өзектілігі

Қазақстан Республикасы дамыған 30 елдің қатарына кіру үшін әлеуметтік саланы да дамытып, өлім мен жарақаттану көрсеткішін төмендету маңызды. Жол –көлік оқиғалары салдарынан жыл сайын 3000-дай адам көз жұмса, 25 мың тұрғын әр түрлі дәрежедегі жарақат алып, 1000-ға жуығы мүгедек болады. 2012 жылы жүргізген Азия даму банкінің есебі бойынша жол-көлік оқиғасы салдарынан жыл сайын мемлекетке келетін шығын 1052 миллиард тенге немесе жалпы ішкі өнімнің 3,5%-ын иеленеді.

Қазақстан Республикасы халықаралық тәжірибені негізге ала отырып

бірнеше заңдар мен кодекстерге, атап айтсақ:

«Жол қозғалысы туралы» заңын жаңаланды, оған сәйкес «Жол жүру ережесі» -не толықтырулар, Азаматтық, қылмыстық, «Әкімшілік құқық бұзушылық» кодекстеріне де өзгерістер енгізілді, жол ережесін бұзуға қарсы қолданатын жауапкершілік пен жазалар қатаңданды.

Ал Ақмола облысы Республиканың бір бөлшегі ретінде бұл бағдарламалардың жүзеге асуына ат салысып жатыр.

Статистикалық мәліметтерді талдау арқылы жасалған шаралар

# Жол-көлік оқиғалары дегеніміз не?

**Жол-көлік оқиғалары** – көлік құраладарының жолмен жүруі кезінде және оның қатысуымен пайда болған, адамдар қаза тапқан немесе жарақаттанған, көлік құралдары, құрылыстар, т. б. зақымданған не өзгедей материалдық зиян келтірілген оқиға.

Тарихта ең алғашқы тіркелген жол-көлік оқиғасы – ол 1896 жылы 30 мамырда АҚШ-тың Нью - Йорк қаласында Генри Уэлстің электромобилі Эвелина Томастың велосипедімен соқтығысып, соның салдарынан аяғын сындырған екен.

БҰҰ бас ассамблеясының 2015 жылғы 25-қазандағы шешіміне сәйкес 17-қараша **«ЖКО құрбандарын еске алу күні»** болып белгіленген.



# Жол-көлік оқиғаларының түрлері:

- 1. Соғылыс;**
- 2. Аударылу;**
- 3. Кедергіге соғылу;**
- 4. Жаяу жүргіншіні соғу;**
- 5. Велосипедшіні соғу;**
- 6. Тұрақта тұрған көлікті соғу;**
- 7. Жануарларды қағып кету;**
- 8. Жолаушылардың құлауы және т.б.**







Әйел адамдардың биік өкшелі аяқ киім киюі

Жол жүру ережесін бұзу

Жүргізушінің шаршауы (рульде ұйықтап кетуі)

**Жол көлік оқиғасын тудыратын қауіп факторлары**

Көлік жүргізуге құқығы жоқ тұлғаның көлік басқаруы

Көлік жүргізуге қарсы көрсеткіші бар тұлғаның көлік жүргізуі

Қолайсыз ауа-райы

Жол сапасының нашар болуы

Жүргізушінің көлік жүргізу кезінде назарын басқаға аударуы





Зерттеу нәтижесіне сүйенсек, көлік жүргізу кезінде музыка тыңдайтын жүргізушілер жылдамдықты белгіленген межеден асыратындығы, ЖКО жиі тап болатындығы анықталды, себебі назар төмендейді.

### Автомобильмен жаяу жүргінші соқтығысқан кезде


Көлік жылдамдығы	Қайтыс болу ықтималдығы
32	5%
48	45%
64	85%

**Жол-көлік  
оқиғаларын алдын  
алу мен салдарын  
жоюға  
бағытталған  
мемлекеттік  
бағдарламалар**

**Жол-көлік  
оқиғаларын алдын  
алу мен салдарын  
жоюға  
бағытталған  
мемлекеттік  
бағдарламаның  
мақсаты**



Қауіпсіз жол жүруді қамтамасыз ету үшін мемлекеттік бақылау нәтижелілігін арттыру бағыттыры бойынша келесі жұмыстар атқарылуда:






# ***Ақмола облысы бойынша жол-көлік оқиғаларының статистикалық көрсеткіштері:***

Біз статистикалық мәліметтерді жинап, талдау барысында Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрлігінің статистика комитетінің, ҚР денсаулық сақтау министрлігінің, «Травматология және ортопедия ғылыми зерттеу институты»-ның, әр жылға арналған статистикалық жинақтары мен мәліметтері, ҚР бас прокуратурасының арнайы есеп және құқықтық статистика комитетінің жол-көлік оқиғалары туралы есебі, Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының статистикалық мәліметтерін қолдандық.


Алынған ақпараттарды пайдалана отырып Ақмола облысында 2014 -2018 жылдары тұрғындар арасында жалпы жарақаттану мен жол көлік оқиғалары салдарынан аурушаңдық, өлім, мүгедектік көрсеткіштеріне жылдар, жастық ерекшелік, жынысы, жарақаттың орналасуы, себебі, аудандар, қала мен ауыл тұрғындар арасында таралуы бойынша жеке-жеке талдау жасадық.

## Ақмола облысы халқының жарақаттану көрсеткішіне талдау



**Жарақат  
(2012-2017 жылдары аралығында алғаш рет тіркелген жарақат көрсеткіші 100 мың тұрғынға шаққанда)**


## *Жол-көліктік травматизм*



**Ақмола облысында 2014-2018 жылы орын алған жол-көліктік травматизм.  
(медициналық мекемелер деректері бойынша) (100 мың тұрғынға шаққанда)**


## *Жол-көліктік травматизм*

	<b>2015 жыл</b>	<b>2016 жыл</b>	<b>2017 жыл</b>	<b>2018 жыл</b>
ЖКО	514	510	579	568
Жараланғандар	767	797	889	800
Қайтыс болғандар	100	114	135	94




Ақмола облысында 2015-2018 жылдар аралығындағы орын алған жол-көлік оқиғалары мен жол-көлік оқиғаларының құрбандарының саны (ҚР БП арнайы есеп және құқықтық статистика комитетінің мәліметтері бойынша)  
(абсолютті сан)

## *Ақмола облысы тұрғындарының өлім көрсеткішіне талдау*



## *Ақмола облысы тұрғындарының өлім көрсеткішін жынысына қарай талдау*



Жарақаттану және жол –көлік апатынан өлім көрсеткішінің әйел мен ер адамдар арасында кездесу жиілігі


( 100 мың тұрғынға шаққанд, 2016 жыл)



# Ақмола облысы тұрғындарының өлім көрсеткішіне талдау

- 2016 жылғы мәліметтерге қарағанда жол көлік апаты кезінде ауруханаға дейінгі өлім көрсеткіші республикада 85,2% болса, оның 95,3% жедел жәрдем бригадасы келгенше, 4,7%-ы жедел жәрдем бригадасы болған кезде орын алады екен. Ақмола облысында ауруханаға дейінгі өлім көрсеткіші республика деңгейінен жоғары, 90%-ды құрайды. **Республикалық санитарлық авиация орталығының мәліметтерінше 2016 жылы жол-көлік оқиғалары бойынша түскен шақыртулар барлық жарақатқа байланысты түскен шақыртудың 6,4%-ын құрайды. Жедел жәрдемнің жол-көлік оқиғасы болған жерге жету мерзімі қалада орта есеппен 11 минут, аудан көлемінде 13 минутты құрайды.**
- Жол көлік оқиғасы жастардың (15-44 жас аралығы) өлім көрсеткішінің 60 % құрайды.
- Жол көлік апатынан қайтыс болғандардың 33% жаяу жүргінші, 29 % жүргізуші, 36 % жолаушылар болып табылады.
- Көлік түріне байланысты өлім себебіне талдау жасасақ, 55% жеңіл автокөлік авариясынан қайтыс болады екен (2015 жылғы көрсеткіштер бойынша)


# *Ақмола облысында жарақат салдарынан және жол-көлік оқиғасынан мүгедектікке ұшырау көрсеткіштеріне талдау*




# *Автокөлік жүргізушілер арасында жүргізілген сауалнама нәтижесіне талдау*

•Қала, облысымыздағы жолдар сапасы:


Санақ бойынша



• Жүргізуші қатысуымен жол-көлік оқиғасының болуы:



# • Қауіпсіздік белбеуін тағуы:




# • Қауіпсіздік белбеуін тағу мақсаты:

Әлім оқиғасының алдын алу үшін

Түрлі камералары орнатылған жерлерде


Полициясы қызметкерлері тексеретін жерлерде






- Көліктегі жолаушылардан қауіпсіздік белбеуін тағуды талап етуі:


меткерлері мен тексеру бекеттерінен өткенде




- 12 жасқа толмаған балаларды автокөлікпен алып жүргенде автокреслоны қолдану:



•Көрсетілген межеден жылдамдықты асыру:



- Көлік жүрізген кезде телефонмен сөйлесуі:



# Сауалнама нәтижесін қорытындыласақ

- Сауалнамаға қатысқан жүргізушілердің 50 %-дан көбі жаңа бастаған болса, сәйкесінше ұстаған машиналары да жаңа болып шықты.
- Облыс, қаладағы жолдарға орта есеппен 10/5,6 деген баға берді, 7 жүргізушінің жол-көлік оқиғасына қатысы болған, жүргізушілердің
- 87 %-ы қауіпсіздік белбеуін тағады, олардың 54 % жол-көлік оқиғаларының алдын алу үшін тақса, 46 % жол сақшылары мен бақылау камераларына түспес үшін ғана қауіпсіздік белбеуін таққанымен, жолаушыларға 90 %-ы белбеу тағуды талап ететіндігі анықталып отыр.
- 54 %-ы 12 жасқа толмаған балаларды алып жүру кезінде автокресло қолданса 21 %-ы қолданбайтын болып шықты. 30 %-ы тұрақты түрде белгіленген межеден жылдамдықты асырса, 27 %-ы кейде немесе сирек жағдайда асырады, 63 %-ы көлік жүргізу кезінде телефонмен сөйлеседі.
- Тұжырым: сауалнамаға қатысқан жүргізушілердің жартысынан көбі белгілі бір деңгейде жол ережесін бұзатынды, бұл жағдайда ең жиі бұзылатын ереже көлік жүргізіп келе жатып телефонмен сөйлесу болса, екінші белгіленген межеден жылдамдықты асыру, үшінші орында балаларды тасымалдау кезінде автокреслоны қолданбау тұр. Бұдан облыс тұрғындарының жол ережесін сақтамауы, оның маңызын жете түсінбеуі, жолда жүргенде өзінің және басқалардың өміріне жауапты екенін ескермеуі, жол –көлік оқиғасының 80%-ы жүргізушілер тарапынан болатынын білмеуі, қоғамдағы жауапкершілікті сезінбеуі жатыр.


# Қорытынды

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында «Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес» дегеніндей, әр бір адам егер жол ережесін сақтаса, қауіпсіздік белбеуін тек жол полициясы қызметкеріне көрсету үшін емес, өзі мен жақындарының қауіпсіздігіне тақса, автомектептерде өзіне және басқаларға көмек көрсетуді тест түрінде емес, әдейілеп оқытса жол –көлік оқиғаларының алдын алу тек мемлекет тарапынан жасалатын шара деп қарамай, күнделікті ақпарат, әлеуметтік желі беттеріндегі жол көлік оқиғасы туралы мәліметтерді солай болуы керек дүние сияқты бей жай қарамай, әр адам жауапкершілікпен қарар болса, жол көлік оқиғасын алдын алуда мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан шараларға әр адам үлесін қоса алар еді.

# Біздің ұсыныстарымыз:

- Қала, облыстардағы жол сапасын жақсарту





**Жол апатының құрбаны  
болмайын десеңіз, жол ережесін  
бұзбаңыздар!!!**

**Абай болыңыздар!**